Шем. сатып алу бөлімі

Орындау үшін

«Мұхтар Әуезов атындағы
қазақ ұлттық драма театры»
РМҚК директоры
Е.Жуасбекке
«Маркетинг және қоғаммен байланыс»
бөлімінің басшысы
Ш.Санатқызынан

Қызметтік хат

ЖИ курс туралы

Сізден ЖИ саласын оқытуға арналған оффлайн/онлайн курсқа қатысуды қарастыруыңызды сұраймыз. Курс жүргізушісі ЖИ маманы Айгерім Марат.

Аталған курс жасанды интеллекттің (ЖИ) өнер саласындағы мүмкіндіктерін түсіндіруге, негізгі теориялық білім беруге және практикалық дағдыларды меңгеруге бағытталған. Курс барысында қатысушылар ЖИ негіздерімен, нейрондық желілер туралы жалпы түсінікпен, қазіргі трендтермен, сондай-ақ ЖИ құралдарын қолдану, дұрыс сұраныс (prompt) жазу және қарапайым визуал мен мәтін генерациялау тәсілдерімен танысады.

Курс форматы – оффлайн, ұзақтығы 2 күн (күніне 2 сағаттан). Қатысушылар саны – 3 адам. Жалпы құны – 200 000 (екі жүз мың) теңге. Сонымен қатар, қосымша онлайн курс құны – 15 000 (он бес мың) теңге.

Аталған курсқа қатысу театрдың шығармашылық және медиа бағыттағы жобаларында жасанды интеллект мүмкіндіктерін тиімді қолдануға, заманауи цифрлық құралдарды игеруге мүмкіндік береді.

Осыған байланысты, аталған курсқа қатысуға рұқсат беруіңізді сұраймын.